

Бірлік объектілерге салық салудың тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2009 жылғы 31 қаңтардағы N 13/122 шешімі. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 ақпанда N 8-12-52 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2009 жылғы 23 қарашадағы N 19/170 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2009.23.11 N 19/170 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 422 бабының 1, 2 тармақтарына сәйкес аудандық

М ә с л и х а т

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Бірлік объектілерге салық салудың тіркелген салық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін (қосымша қоса тіркелді).

2. Жаңаарқа аудандық Мәслихатының 2008 жылғы 2 шілдедегі VIII-ші сессиясының "Бірлік объектілерге салық салудың тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" (мемлекеттік тіркеу тізімінде нормативтік құқықтық актілердің тіркелген нөмірі 8-12-44), "Жаңаарқа" газетінің 2008 жылғы 2 тамыздағы N 34 (9274) санында жарияланған N 8/75 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау аудандық Мәслихаттың бюджет және аймақтық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім аудандық Әділет басқармасында тіркеліп, ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ М ә с л и х а т т ы ң
к е з е к т е н т ы с к е ң е й т і л г е н

XIII-ші сессиясының төрағасы
Аудандық Мәслихат хатшысы

З. Аманов

Д. Жұмасейітов

К Е Л І С І Л Д І :

Ж а ң а а р қ а а у д а н ы б о й ы н ш а

салық басқармасының бастығы

С. Көпеев

31.01.2009 ж.

А у д а н д ы қ

2 0 0 9

кезектен

№ 13/122 шешіміне қосымша

ж ы л ғ ы

т ы с

3 1

XIII-ші

М ә с л и х а т т ы ң

қ а н т а р д а ғ ы

сессиясының

Р е т с а н ы N	Салық салу объектісінің түрі	Айына бір объектіге бекітетін тіркел салық ставкасының мөлшері АЕК (ай. есептік көрсеткіш)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшасыз ойын ұтыс автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ақшасыз ойын ұтыс автоматы	1,5
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланатын жеке компьютер	1
4.	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК